АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13.08.2026 № 156

Ақтөбе қаласы

город Актобе

«Ақтөбе облысы әкімдігінің жанындағы жастар істері жөніндегі және Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестерді, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру жөніндегі комиссияны құру туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 шілдедегі № 155 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысы әкімдігінің жанындағы жастар істері жөніндегі және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестерді, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру жөніндегі комиссияны құру туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 шілдедегі №155 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестерді, сондай-ақ «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру жөніндегі комиссияны құру туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 шілдедегі № 155қаулысының 5-тармағы алып тасталсын.

2. «Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі **А. Шахаров**

001002

* Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
* Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2026 жылғы «13» 08
№156 қаулысына
қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы 28 шілдедегі
№155 қаулысына
6-қосымша

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары»грантын беру ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленді және Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын (бұдан әрі – грант) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) грант алушы – грант беру туралы шартқа (бұдан әрі – шарт) сәйкес грант төлемі жүзеге асырылған конкурс жеңімпазы;

2) грант беруге арналған конкурс (бұдан әрі – конкурс) – осы Қағидаларға сәйкес грант беру үшін жеңімпазды айқындау процесі;

3) жоба – жобаны іске асыру орындылығының, мерзімдерінің әлеуметтік-экономикалық негіздемесін, грант қаражаты есебінен жоспарланатын шығындардың тізбесін айқындайтын ұсынылған идеяны жүзеге асыру және іске асыру жоспары;

4) конкурстық комиссия – конкурстық өтінімдерді бағалауды жүзеге асыратын және конкурс жеңімпаздарын айқындайтын алқалы орган;

5) конкурстық өтінім – азаматтың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген, конкурсқа қатысуға арналған өтініші;

6) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – «Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

7) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың өнім берушісі (бұдан әрі - өнім беруші) - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыратын үкіметтік емес ұйым;

8) үміткер – конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім берген, конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталған кезде он төрт бен отыз төрт жас аралығындағы, Ақтөбе облысының тұрғыны болып табылатын немесе Ақтөбе

облысындағы білім беру мекемесінің білім алушысы/студенті болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы.

3. Гранттың мөлшері мен санын уәкілетті орган жыл сайын анықтайды.

4. Бөлінген грант қаражаты жобаны іске асыру үшін пайдаланылады.

5. Грантты пайдалану мерзімі бір жылдан аспайды.

6. Гранттар Қазақстан Республикасының азаматына жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде мынадай бағыттар бойынша беріледі:

1) «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

2) «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

3) «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

4) «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

5) «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;

6) «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

7. Соңғы 3 жыл ішінде грант иегері атанған тұлға конкурсқа қатысуға өтінім бере алмайды.

8. Конкурсқа үміткер бір бағыт бойынша 1 (бір) конкурстық өтінім береді. Егер де үміткер бірнеше бағыт бойынша өтінім жолдаған болса бірінші берілген бағыты құжаттар толық болған жағдайда конкурсқа жіберіледі.

2-тарау. Гранттың мақсаттары мен міндеттері

9. Грант берудің мақсаты белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау болып табылады.

10. Грант беру міндеттері:

1) талантты және талапты жастарды қолдау;

2) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін практикалық қызығушылық тудыратын жастардың инновациялық жобалары мен ғылыми-техникалық әзірлемелерін анықтау және қолдау;

3) жастардың жаңа және жұмыс істеп тұрған стартап-жобаларын іске асыруға жәрдем көрсету;

4) жастар арасында шығармашылық қызметті танымал ету.

3-тарау. Конкурс өткізу тәртібі

11. Конкурсты ұйымдастыруды және өткізуді уәкілетті орган немесе өнім беруші жүзеге асырады.

12. Конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарламаны уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жариялайды.

Конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарламада грантты беру мақсаттары мен бағыттары, конкурстың өткізу мерзімдері, негізгі шарттары туралы мәліметтер қамтылады.

13. Конкурсты өткізу мерзімдерін уәкілетті орган мен өнім беруші өзара келісе отырып белгілейді.

14. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – уәкілетті органның немесе өнім берушінің конкурстық өтінімдерді қабылдауы және осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкестігін қарауы;

2) екінші кезең – конкурстық өтінімдерді бағалау және конкурс жеңімпаздарын анықтау.

15. Конкурстық өтінімдерді бағалау үшін уәкілетті орган конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссияның құрамына жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, азаматтық қоғам институттарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ грант бағыттары бойынша мамандар мен сарапшылар енгізіледі.

Әрбір грант бағыты бойынша бағалау жұмысын уәкілетті органның келісімімен конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан айқындалатын жетекші үйлестіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, 7 (жеті) адамнан кем емес.

Конкурстық комиссияның төрағасын, төрағаның орынбасарын және хатшысын уәкілетті орган тағайындайды. Комиссия хатшысы конкурстық комиссия мүшесі болып табылмайды, дауыс беру құқығына ие емес және комиссия отырыстарын ұйымдастыру мен хаттама ресімдеу жұмысын жүзеге асырады.

Конкурстық комиссия мүшелері конкурстық өтінімдерді бағалау басталғанға дейін қатысушылардың тізімімен танысып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болмауы (болуы) туралы міндеттемеге қол қояды. Міндеттемеде конкурстық комиссия мүшесі үміткерлермен өзінің туыстық, отбасылық, еңбек, қызметтік, іскерлік, қаржылық немесе бағалау нәтижелерінің объективтілігіне әсер етуі мүмкін өзге де байланыстарының бар немесе жоқ екенін көрсетеді.

Егер конкурстық комиссия мүшесінде нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, ол бұл туралы конкурстық комиссия төрағасын жазбаша түрде дереу хабардар етуге және тиісті конкурстық өтінімді бағалаудан өздігінен бас тартуға міндетті.

Мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты конкурстық комиссия қарайды және тиісті комиссия мүшесін осы өтінімді бағалау мен талқылауға қатыстырмау туралы шешім қабылдайды. Бұл шешім конкурстық комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Конкурстық комиссия мүшесі мүдделер қақтығысы бар конкурстық өтінім бойынша дауыс беруге, талқылауға және бағалауға қатыспайды.

16. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы аудио- және (немесе) бейнетіркеуді пайдалана отырып, ашықтық және айқындық қағидаттарында өткізіледі.

17. Конкурстық комиссияның отырыстары, егер оған мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

18. Үміткер конкурсқа қатысу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурс өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген электрондық мекенжайға және конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімдерде конкурстық өтінім береді.

19. Конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді дайындауға және ұсынуға байланысты барлық шығыстарды үміткер көтереді.

20. Конкурстық өтінімдер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде қабылданады және мынадай құжаттарды қамтуға тиіс:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы;

2) жобаның өзектілігін, мазмұнын, мақсатын, күтілетін нәтижелері мен бірегейлігін (ерекшелігін) ашып көрсететін ұзақтығы 60 (алпыс) секундтан аспайтын бейнеролик немесе көлемі 10 (он) слайдтан аспайтын таныстырылым;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның шығындар сметасы;

4) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың болуы туралы мәліметтер (бар болған жағдайда);

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (он алты жасқа толмаған үміткерлер үшін – туу туралы куәліктің көшірмесі);

6) үміткердің салықтық, кредиттік және өзге де қаржылық міндеттемелер бойынша берешектерінің бар-жоғы туралы анықтамалар және (немесе) мәліметтер.

Конкурстық комиссия үміткердің қаржылық міндеттемелерін грант қаражатын нысаналы және тиімді пайдалану тәуекелдерін бағалау кезінде ескеруге құқылы.

7) осы Қағидаларда және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көзделген өзге де құжаттар (қажет болған жағдайда).

21. Конкурс өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген конкурстық өтінімдерді беру мерзімі өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімдер қабылданбайды.

22. Уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурстық өтінімдерді қабылдайды және олардың осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкестігін қарайды.

Конкурстық өтінімдерді уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурс өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкестігін қарайды.

Осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес келетін конкурстық өтінімдерді уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурстық өтінімдерді қарау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияның қарауына жібереді.

23. Конкурстық өтінім мынадай жағдайларда конкурсқа қатысуға жіберілмейді:

1) құжаттар толық ұсынылмаған;

2) ұсынылған мәліметтердің анық емес немесе жалған екендігі анықталған;

3) өтінімнің мазмұны мен рәсімделуі осы Қағидалардың 20-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

4) өтінім белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған;

5) үміткер осы Қағидалардың 2-тармағының 8) тармақшасында белгіленген жасы, тұрғылықты жері немесе білім алу орны бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

24. Конкурстық комиссияның мүшелері уәкілетті орган осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес келетін конкурстық өтінімдерді ұсынған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бағалау парағы бойынша конкурстық өтінімдерді бағалайды және грант алушыларды айқындайды.

Конкурстық комиссияның шешімімен конкурс қорытындылары туралы хаттама ресімделеді.

25. Жобаны бағалау үшін келесі критерийлер бойынша 1-ден 3-ке дейінгі балл есептеледі:

1) Жобаның конкурс бағытының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестік дәрежесі;

2) Жобада көтерілген мәселенің өзектілігі мен негіздемесі, оның ішінде статистикалық деректердің және ресми ақпарат көздерінің пайдаланылуы;

3) Жобаның өзектілігі, практикалық құндылығы және бәсекеге қабілеттілігі;

4) Жобаның жаңашылдығы (бірегейлігі) және инновациялық тәсілдерді қолдануы;

5) Жобаның әлеуметтік әсері, нысаналы аудиторияны қамту деңгейі және іске асыру аукымы;

6) Жоспарланған нәтижелердің қолжетімділігі, өлшенуі және нақты іске асырылу мүмкіндігі;

7) Жобаның өңірдің немесе қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесі және күтілетін оң әсері;

8) Жобаның тұрақтылығы, оның ішінде қаржыландыру аяқталғаннан кейін нәтижелерді сақтау және дамыту мүмкіндігі;

9) Жоба бюджетінің негізділігі, шығыстардың тиімділігі және сметаның шынайылығы;

10) Жобаны іске асыру жоспары мен мерзімдерінің негізділігі және іске асырылу мүмкіндігі;

11) Үміткердің жобаны іске асыруға дайындығы және тәжірибесі (бар болған жағдайда);

12) Жобаны іске асыру үшін серіктестерді, қосымша ресурстарды немесе қосымша қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндігі (бар болған жағдайда).

26. Конкурстық комиссияның бағалау қорытындысы бойынша бір немесе бірнеше үміткердің жинаған қорытынды балдары тең болған жағдайда, конкурстық комиссия, осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген дауыс беру рәсіміне жүгінбес бұрын, тиісті үміткерлерді олардың жобалары бойынша қосымша түсіндірме алу мақсатында көзбе-көз әңгімелесуге немесе бейнебайланыс (бейнеқоңырау) арқылы жобаны таныстыруға шақыруға құқылы. Мұндай шақыру конкурстық комиссияның құқығы болып табылады және міндетті рәсім болып есептелмейді.

27. Егер осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген рәсімнен кейін де тиісті үміткерлердің қорытынды балдары тең болып қалса (немесе конкурстық комиссия 26-тармаққа сәйкес қосымша әңгімелесу өткізбеу туралы шешім қабылдаса), конкурс жеңімпазы конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы айқындалады. Дауыс беру нәтижесі бойынша комиссия мүшелерінің көпшілік даусын алған үміткер жеңімпаз деп танылады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссияның шешімі отырыс хаттамасымен ресімделеді.

28. Конкурстық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және конкурс қорытындылары бойынша конкурстық комиссияға шағымдар, қарсылықтар немесе наразылықтар қабылданбайды әрі қайта қаралмайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну құқығы шектелмейді.

29. Конкурстық комиссия жобаның шығындар сметасын бағалау қорытындысы бойынша сұратылған қаржыландыру көлемін толық немесе ішінара қолдау туралы шешім қабылдауға құқылы.

30. Уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурстық комиссияның конкурс қорытындылары туралы хаттамасына қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде грант алушылардың тізімін және конкурс қорытындылары туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында және (немесе) ресми әлеуметтік желілердегі парақшаларында жариялайды.

31. Уәкілетті орган немесе өнім беруші конкурс жеңімпаздары айқындалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде грант алушыларды байланыс құралдары және (немесе) байланыстың өзге де тәсілдері арқылы конкурс қорытындылары туралы хабардар етеді.

4-тарау. Грантты беру, пайдалану және қайтару тәртібі

32. Грант алушы грант қаражатын аудару және пайдалану үшін екінші деңгейдегі банкте жеке банктік шот ашады.

33. Гранттардың жалпы саны мен жалпы қаражат көлемі жыл сайын Ақтөбе облысының жергілікті бюджетінде және (немесе) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көзделген қаражат көлеміне сәйкес уәкілетті органмен айқындалады және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

2026 жылы конкурс шеңберінде жалпы сомасы кемінде 26 000 000 (жиырма алты миллион) теңгені құрайтын гранттық қор кемінде 20 (жиырма) жеңімпаз арасында бөлінеді. Бір гранттың ең жоғары мөлшері 1 300 000 (бір миллион үш жүз мың) теңгені құрайды.

Нақты грант мөлшерін конкурстық комиссия жобаның шығындар сметасының негізділігіне қарай, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген ең жоғары мөлшерден аспайтын шекте айқындайды. Бұл ретте конкурстық комиссия гранттық қордың жалпы сомасын толық көлемде бөлуді, соның ішінде қажет болған жағдайда жеңімпаздар санын 20-дан асыра арттыру арқылы қамтамасыз етеді.

34. Конкурстық комиссияның конкурс қорытындылары туралы хаттамасының негізінде грант алушы жеке банктік шотының деректемелерін ұсынғаннан кейін уәкілетті орган, өнім беруші және грант алушы арасында грант беру туралы үшжақты шарт жасалады.

Кәмелетке толмаған грант алушылар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шарт жасасады.

35. Грант алушы уәкілетті органға осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша шартта белгіленген мерзімдерде аралық/қорытынды бағдарламалық есептерді, ақша қаражатының жұмсалуы туралы аралық/қорытынды есептерді ұсынады.

36. Грант қаражатын шығындар баптары арасында қайта бөлу уәкілетті органның және өнім берушінің жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

37. Төтенше немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда шарт талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

38. Жоба аяқталғаннан кейін пайдаланылмаған грант қаражаты облыстық бюджетке қайтарылады.

39. Уәкілетті орган күнтізбелік бір жыл ішінде грант қаражатының нысаналы пайдаланылуына, оның ішінде грант алушының ұсынған есебі бойынша мониторингті жүзеге асырады.

Мониторинг құжаттарды зерделеу, көшпелі мониторинг, сұхбат жүргізу, фото және бейнематериалдарды зерделеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Грант алушы жобаны іске асыру үшін демеушілердің, инвесторлардың және өзге де қаржыландыру көздерінің қаражатын тартуға құқылы. Қосымша

қаржыландыру тартылған жағдайда бұл туралы уәкілетті органға жазбаша түрде хабарланады. Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын бірдей шығыс баптарын өзге қаржыландыру көздері есебінен қайта қаржыландыруға жол берілмейді.

40. Гранттың нысаналы пайдаланылмағаны анықталған жағдайда уәкілетті орган грант алушыны шарт талаптарының бұзылғаны және гранттың толық сомасын қайтару қажеттігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

41. Грант алушы грант қаражатын уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қайтарады.

42. Грант алушы қаражатты белгіленген мерзімде қайтармаған жағдайда олар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен өндіріп алынады.

43. Грант алушы қайтарған грант қаражатын уәкілетті орган облыстық бюджетке аударады.

44. Қаражат:

1) грант алушы қайтыс болған;

2) грант алушы хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған;

3) грант алушы іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайларда (растайтын құжаттар болған кезде) қайтарылмайды.

Ақтөбе облысы әкімінің
«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру
Қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру конкурсына қатысуға арналған конкурстық өтінім

1.	**Тегі, аты, әкесінің аты** *(бар болса)*	
2.	**Туған күні, толық жасы**	
3.	**ЖСН:**	
4.	**Білімі, ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы** *(бар болса)*	
5.	**Жұмыс орны (лауазымы) немесе оқу орны (курс)**	
6.	**Байланыс деректері**	ұялы телефон _____ электрондық пошта _____
7.	**Тұрғылықты мекенжайы**	
8.	**Грант бағыты** *(бір бағытты таңдаңыз)*	☐ Ғылым ☐ Мәдениет ☐ Ақпараттық технологиялар ☐ Бизнес ☐ Медиа ☐ Волонтерлік
9.	**Жобаның атауы**	

Осы өтінімге **қол қою арқылы мен**:

- осы өтінімде және оған қоса берілген құжаттарда көрсетілген барлық мәліметтердің толық, дұрыс және шынайы екенін растаймын;
- Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидаларымен танысқанымды және олардың талаптарын сақтауға міндеттенетінімді растаймын;
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес өзімнің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін;
- осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес конкурсқа қатысуға кедергі келтіретін мән-жайлардың жоқ екенін растаймын.

Өтініш берушінің Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

Күні: «____» _____ *20* ___ жыл

Ақтөбе облысы әкімінің
«Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы және бағыты	
Жобаның жетекшісі (үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Жобаның қысқаша сипаттамасы	
Нысаналы аудитория	
Жобаның миссиясы	
Бастаманың негіздемесі	
Жобаның мақсаттары	
Жобаның міндеттері	
Жобаны іске асыру мерзімдері	
Жобаның сәттілігін бағалаудың нысаналы көрсеткіштері мен өлшемшарттары	
Жоба өнімі	
Жобаның мүдделі тараптары	
Жобаны іске асыру құны бойынша алдын ала болжамдар	
Жобаның шектеулері (тәуекелдері)	
Жобаны іске асыру географиясы (облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана)	

Ақтөбе облысы әкімінің
«Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Шығындар сметасының жобасы

№ р/н	Шығындар бабы	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	Саны	Сомасы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						

*** Ескерту:**

Грант қаражатын мақсатты пайдалану үшін грант алушыға жалақы көзделмейді

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру үшін грант алушыларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия мүшесінің бағалау парағы

Комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Грант бағыты _____

№ р/н	Критерийлер / Жоба атауы/Үміткердің аты-жөні					
1.	жобаның бағытқа сәйкестік дәрежесі					
2.	мәселені (ағымдағы жағдайды) түсіну және нақты сипаттау, статистика және ресми дереккөздерге сілтемелер келтіріледі;					
3.	жобаның бәсекеге қабілеттілігі					
4.	ұсынылатын жобаның жаңашылдығы (бірегейлігі)					
5.	бенефициарларды қамту және жобаны іске асыру ауқымы;					
6.	жоспарланған нәтижелер шынайы және ұсынылған жоба аясында қол жетімді;					
7.	жоба қоғамға қандай оң өзгеріс әкеледі;					
8.	қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру және (немесе) нәтижелерді ілгерілету мүмкіндігі нақты сипатталған;					
9.	сметада ұсынылған шығындар негізделген және шынайы;					
10.	жобаны іске асырудың ұсынылған мерзімдері негізделген және шынайы.					
11.	үміткердің жобаны іске асыруға дайындығы және тәжірибесі (бар болған жағдайда;					
12.	жобаны іске асыру үшін серіктестерді, қосымша ресурстарды немесе қосымша қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндігі (бар болған жағдайда).					
Қорытынды балл						
Комиссия мүшесінің қысқаша пікірі						

**Комиссия мүшелері әрбір критерий бойынша 1-ден 3-ке дейін бағалайды.*

20 __ жылғы «____» _____

Қолы _____

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ (ҚОЛХАТ)

Мен, _____

(Т. А. Ә. – толық),

_____

(лауазымы/қызметі)

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде өз міндеттерімді адал атқаруға, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындауын болдырмауға және реттеуге міндеттеме аламын.

Осы қолхат арқылы мен мыналарды растаймын:

1. Өзімнің немесе менімен жақын туысқан адамдарымның (ата-ана, жұбайы, балалары, т.б.) жеке мүдделері мен менің қызметтік өкілеттіктерім арасында қақтығыс туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайлар туралы тікелей басшылыққа немесе комиссия төрағасына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндеттенемін.

2. Мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, мәселені шешу үшін тікелей басшылықтың немесе комиссияның заңды шешімдерін толық орындауға міндеттімін.

3. Комиссия мүшесі ретінде өзіме жүктелген міндеттерді жеке мақсаттарыма, материалдық немесе өзгедей пайда табу үшін пайдаланбауға кепілдік беремін.

4. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу жөніндегі талаптарды қасақана орындамағаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатыныммен таныстым.

Комиссия мүшесінің қолы: _____ / _____

(Т.А.Ә.)

Күні: «_____» _____ *20*_____ ж.

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
6-қосымша
Нысан

АРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы:	
Грант тақырыбы:	
Грант сомасы:	

1. Орындалған жұмыстар туралы ақпарат

№	Жобаның міндеттері	Жоба шеңберіндегі іс-шаралар	Жобаны орындау мерзімі	Әлеуметтік жоба өнімдері бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу деңгейі	Қатысушылар саны	Сипаттама (Егер есеп беру кезінде қызмет ішінара орындалса, онда орындалған жұмыс сипатталады. Бұдан басқа, осы тармақты сипаттау кезінде жобаны іске асыру шеңберінде нысаналы топ өкілдеріне алды деген сұраққа жауап беру қажет)	Қоса берілген растайтын құжаттар (фотосуреттер, сілтемелер және тізімдер)	Іс-шаралар құны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде қызметті (жарнаманы қоса алғанда) жариялау

БАҚ, әлеуметтік желілер	Басылымдардың атауы	Қамту, деңгей	Жарияланымдар саны	Шығу күні, сілтеме
1	2	3	4	5
оның ішінде:				

3. Егер бар болса, белгілі бір әрекет бойынша сәттілік тарихын жазыңыз

_____

_____

Грант алушы, А.Т.Ә. (бар болса):
Толтыру күні _____

Қолы _____

ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы:	
Грант тақырыбы:	
Грант сомасы:	

1. Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз

Жобаның мақсаты:						
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:						
Міндет	**Міндет шеңберіндегі іс-шаралар**	**Қысқа мерзімді қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)**	**Сандық және сапалық көрсеткіштер**	**Индикаторлар**		**Әсері**
				жоспар	**факт**	
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**

Жоба бойынша жоспардан ауытқудың негіздемесін сипаттаңыз: _____
2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): _____
3. Жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат: _____

Жас көрсеткіші: _____

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	**13-16 жас**	**17-22 жас**	**23-27 жас**	**28-32 жас**	**33-45 жас**	**46-58 жас**	**59 жыл және одан жоғары**
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**

4. Жоба нәтижелері:

● көрсетілген нысаналы топтар жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық ауысымдарды сипаттай отырып):

_____

● жобаның оны іске асыру барысында шешілетін проблемаға ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң / теріс өзгерістерді негіздеу):

_____

● әлеуметтік жобаның тұрақтылығы:

_____

5. Серіктестердің (бар болса), билік органдарының, әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?

_____

Жоба серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы / серіктестің А.Т.Ә. (бар болса)	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыс нөмірлері	Ескерту
1	2	3	4

Грант алушы, А.Т.Ә. (бар болса):
Толтыру күні _____
Қолы _____

Ақтөбе облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары»
грантын беру қағидаларына
7-қосымша

Нысан

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ/ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Грант алушы:						
Грант тақырыбы:						
Грант сомасы:						
№	**Шығыстар бабының атауы**	**Шығындар сметасы**	**№ 1 аралық есеп**	**№ 2 аралық есеп**	**Қорытынды есеп**	**Қалдығы**
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**
1						
2						
3						
...						
	Жиыны					

Грант алушы, А.Т.Ә. (бар болса):
Толтыру күні _____
Қолы _____

АҚША ҚАРАЖАТЫН ЖҰМСАУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

1.
2.
3.
...